Астана қаласы әкімдігінің
«Қалалық инфекциялық орталық» ШЖҚ МКК

Астана қаласы әкімдігінің
«Қалалық инфекциялық орталық» ШЖҚ МКК
қызметкерлері арасындағы өткізілген жиналыс бойынша
ХАТТАМА

Астана қ. **№ КС-0426** **«25» қыркүйек 2026 ж.**

Өткізу орыны: Астана қ., А1 көш., 5, блок В, 2-қабат,конференц-зал.

Өткізу уақыты: 10:00.

Қатысқандар: Булегенов К. – комплаенс қызметінің басшысы, әкімшілік-басқару персоналының қызметкерлері, бөлімше басшылары.

Күн тақырыбы:

Еңбек кодексінің талаптарын сақтау. «Alaqan» бірыңғай аппараттық-бағдарламалық кешені – жұмыс уақытын есепке алудың биометриялық жүйесін қолдану туралы

Сөз сөйлеген:

1. **Булегенов К.С.:**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 79-бабына сәйкес:
Жұмыс уақытын есепке алуды жүргізу тәртібі
1. Жұмыс беруші жұмыскердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытын есепке алуды жүргізуге міндетті.
2. Жұмыскер жұмыс істеген және жұмыс істемеген уақыт есепке алынуға тиіс. Бұл ретте үстеме жұмыстар уақыты, түнгі уақыттағы, демалыс, мереке күндеріндегі жұмыстар, іссапар күндері бөлек есепке алынады.
3. Жұмыс уақытын есепке алуды жүргізудің нысаны мен тәртібі жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

«Қалалық инфекциялық орталық» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын), 2026 жылдың мамыр айының ортасынан бастап «Alaqan» бірыңғай аппараттық-бағдарламалық кешені – жұмыс уақытын есепке алудың биометриялық жүйесі енгізілді. Оның функционалы пайдаланушылардың биометриялық деректерін (алақан тамырларының суретін) алғашқы жанасусыз тіркеуді, содан кейін оны бірыңғай дерекқорға енгізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны дұрыс баптағаннан кейін жұмыс уақытын нақты әрі дәл есепке алуға жағдай жасайды.

Сканировано с CamScanner

Осы уақытқа дейін Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне, кадрлық қызметінің қызметкерлері, жұмыс уақытын есепке алу мақсатында, бұл аппаратты дұрыс әрі дәл қолдану және пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ол үшін тек кірген кезде сол қолдың ашық алақанын, ал шыққан кезде оң қолдың ашық алақанын тиісті орынға жақындату (қою) талап етілді. Бұл ешқандай қиындығы жоқ әрекеттер. Дегенмен, қызметкердің кіргені тіркеліп, ал шыққаны тіркелмей қалған немесе, керісінше, шыққаны тіркеліп, кіргені көрінбей қалған жағдайлар орын алды. Бұл жағдай қызметкердің алақанын толық ашпауы салдарынан болады, соның кесірінен аппарат алақан тамырларының суретін дұрыс тани алмайды. Аппарат бұның барлығын тіркейді және әрбір қызметкер туралы ақпаратты толық көрсетеді. Осы аппаратқа қызмет көрсететін мамандар құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне дер кезінде мониторинг жүргізіп отырады.

Сол себепті, құрметті әріптестер, бұл әрекеттерге барынша мұқият болу және аппаратқа алақанды дұрыс басуға тырысу қажет. Аппарат жұмысында қателік болған жағдайда, әрекеттеріңізді аяқсыз қалдырмай, жағдайды дер кезінде түзету шараларын қолдану үшін, кадр қызметінің қызметкерлеріне немесе құрылымдық бөлімшенің тікелей жетекшісіне мүмкін болған қателік туралы хабарлауыңызды сұраймыз.

Бұл ережелерді елемеу, аппараттың жұмыс орнына келуді/кетуді бәрібір тіркеуіне, әрі бұл жағдайды жұмыс уақытын толық орындамау немесе жұмысқа келмеу ретінде көрсететін ақпаратты шығаруына әкеп соғады.

Бұл деректер расталған жағдайда және олар жиі қайталанса, тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылады, бұл соңында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес және оның негіздері бойынша жұмыстан шығаруға әкеп соғуы мүмкін.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары, бұл ақпаратты әрбір қызметкердің назарына жеткізуі тиіс!

P.S.: ***«Alaqan» бірыңғай аппараттық-бағдарламалық кешені – жұмыс уақытын есепке алудың биометриялық жүйесін енгізу және пайдалану жұмыс уақытын есепке алуды тұрақты бақылаудың дәстүрлі әдісін жоққа шығармайды. Яғни, «Alaqan» кешенінің бақылауын айналып өтіп, жұмыс уақытын есепке алудың тұрақты бақылауынан жалтарып кету мүмкін емес!»***

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы **К.Булегенов**

Сканировано с CamScanner